

Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 7 наурыз N 285. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанынан Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 16 қаңтардағы N 2774 U962774_ Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет (бұдан әрі - Қорғанысөнеркомы) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының мұқтаждары үшін қорғаныстық және қос қолданыстағы арнаулы өнімдерді әзірлеу мен өндіруге қатысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мен үйлестіру функцияларын қамтамасыз ету жөніндегі салааралық ведомство және өкілетті орган болып табылады, арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ республиканың қорғаныс өнеркәсібіне басшылықты дербес жүзеге асырады деп белгіленсін.

2. Қорғанысөнеркомы:

қаржы, мүлік және функциональдық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің құқықтық мұрагері;

"Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын жою жөніндегі Үкімет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 қыркүйектегі N 1280 P951280_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын жою жөніндегі Үкімет комиссиясының жұмысшы органы;

"Қазақстан Республикасында экспорттық бақылау жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 наурыздағы N 338 P950338_ қаулысына сәйкес әскери-техникалық құралдар мен қос қолданыстағы өнімдерге экспорттық бақылау жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комиссиясының атқарушы органы болып саналсын.

3. Қорғанысөнеркомына мынадай негізгі міндеттер жүктелсін:
 - қару-жарақ пен әскери техника, қос қолданыстағы өнімдерді әзірлеу мен өндіру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
 - қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау саласында өнеркәсіп саясатын әзірлеу және жүргізу;
 - мемлекетаралық келісімдерге сәйкес қорғаныс кешені өнімдерін сатып алу мен жеткізуде мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыруға қатысу;
 - қорғаныс өнеркәсібінде жұмылдыру қуаттарын құру, дамыту мен сақтау бойынша жұмылдыру жоспарлары мен тапсырмаларын орындауға қатысу;
 - шетел ведомстволарымен, компанияларымен, кәсіпорындарымен әскери-техникалық ынтымақтастық бойынша ғылыми-техникалық, өндірістік, кооперациялық байланыстар орнату;
 - жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау жөніндегі, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы шектеу, өндіруді қысқарту және оларды жою жөніндегі халықаралық шарттарды, келісімдер мен міндеттемелерді жүзеге асыруға өз құзыретінің шегінде қатысу;
 - қару-жарақ пен әскери техниканы өндіру, сату және сатып алуда экспорттық-импорттық бақылауға қатысу.
4. Қорғанысөнеркомына өзіне жүктелген құзыреті шегінде барлық орталық және жергілікті атқарушы органдарға, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілерге шешімдер қабылдап, оның орындалу барысында бақылау жасау құқығы берілсін.
5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет туралы ереженің жобасын енгізсін.
6. Қосымшаға сәйкес Қорғанысөнеркомы аппаратының құрылымы бекітілсін.
7. Қорғанысөнеркомы аппараты қызметкерлерінің шекті штаттық саны 32 адам болып белгіленсін (ғимаратты күзету және қызмет көрсету жөніндегі қызметкерлерсіз).
8. Қорғанысөнеркомы төрағасы мен оның орынбасарларының лауазымы медициналық және көліктік қызмет көрсету бойынша Қазақстан Республикасы министрліктерінің тиісті лауазымдарына теңестіріледі деп белгіленсін.
9. Қорғанысөнеркомына төрағаның екі орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын ұстауға рұқсат берілсін.
10. Қорғанысөнеркомы төрағасына бекітілген құрылым, саны мен еңбекақы төлеу қоры шегінде штат кестесін бекіту құқығы берілсін.
11. Қорғанысөнеркомы аппаратын ұстау шығынын қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджетінде көзделген мемлекеттік басқару органдарын

ұстауға арналған қаражат есебінен жүзеге асырылсын.

12. Қорғанысөнеркомы аппараты үшін үш қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

13. Қорғанысөнеркомына құрамында Қорғанысөнеркомы төрағасы (кеңес төрағасы), оның орынбасарлары, Қорғанысөнеркомы басшы қызметкерлері, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ қорғаныс кешені кәсіпорындарының басшылары бар үйлестіру кеңесін (ұсыныстамалық-кеңесуші орган) құруға рұқсат берілсін.

14. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қорғанысөнеркомы аппаратын ұстауға қаржы қарастырсын.

15. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі екі ай мерзімде Қазақстан Үкіметіне қажетті түзету желілерін қарастырып республиканың қорғаныс өнеркәсібі кешенінен және ұлттық акционерлік компаниялардың құрамынан Қорғанысөнеркомының қарамағына берілетін кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі туралы ұсыныс енгізсін.

16. Қорғанысөнеркомы құпиялылық режимі сақталуы ескеріліп,

Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 2 мекен-жайындағы
Техникалық-экономикалық зерттеулер және Қазақстанның темір жол
көлігін жобалау мемлекеттік институты (Казгипрожелдортранс)
ғимаратының 6 және 7-ші қабаттарына орналастырылсын.

17. Қорғанысөнеркомы заңды тұлға болып табылады, банкте
ағымдағы есепшоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы
бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі,
фирмалық бланкілері болады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 7 наурыздағы

№ 285 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда
министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі

Комитет аппаратының

Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Басшылық

Қорғаныс тапсырысы, жай қару-жарақтарды өнеркәсіптік кәдеге жарату және шахталық ұшыру қондырғыларын жою бөлімі

Жұмылдыру қуаттары мен резервтері, өнеркәсіп өндірісін талдау және қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарын реформалаудың кешенді жоспарлары бөлімі

Конверсиялық бағдарламалар және өндірісті дамыту бөлімі

Халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастық, әскери мақсаттағы өнімдерді экспорттық-импорттық жеткізу бөлімі

Ғылыми-техникалық бағдарламаларды, қару-жарақтар мен әскери техниканы, жарылыс заттарын әзірлеу бөлімі

Қаржы-шаруашылық бөлімі